

ҰЛЫ СОҒЫСТАР ЖӘНЕ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АКСИОЛОГИЯДА АДАМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНА БЕТБҰРЫС

В.Х. Хайруллаева¹

¹философия ғылымдарының кандидаты, PhD, доцент
Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері
университеті,
Алматы, Қазақстан
khairullaeva@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада XX ғасырдың философиялық аксиологиясында жаңа құндылық бағдарларының қалыптасуына түрткі болған екі ұлы әлемдік соғыстың салдары қарастырылып, талданады. Адам мәселесі, оның мақсаты, мәні, болмыстың құндылығы философияда әрқашан маңызды болып келген. Әсіресе, бұл тарихтың маңызды кезеңдерінде ерекше өзектілікке ие болады. Мақалада Екінші дүниежүзілік соғыстан (ТМД үшін-Ұлы Отан соғысы) кейін өмірді, тіршілік етуді және адам өмірінің мәнін түсінуде бетбұрыс болғанына назар аударылады. XX ғасырдың екінші жартысында адамды ең жоғары және маңызды құндылық ретінде бағалаған иррационалды философиялық тенденциялар өзекті болды. Осылайша, мақала экзистенциалистердің терең индивидуализм мен субъективтілікке сіңген аксиологиялық дүниетанымына назар аударады.

Тірек сөздер: Ұлы соғыстар, Екінші дүниежүзілік соғыс, құндылықтар, классикалық емес философия, экзистенциализм, иррационализм, аксиологиядағы бетбұрыс, адам өмірі, адам болмысы, адамның ішкі субъективті әлемі, эмоциялар, шекаралық жағдайлар.

Біз жаңа миллениумның жаңа ғасырының да үшінші декадасына аяқ бастық. Адамзаттың түрлі саладағы жетістіктерінің триумфы деп атап жүрген жаһандану жағдайында өмір сүрудеміз. Алайда осы адамзат мақтанышына арқау болған жаңа мыңжылдықта, жаһандану заманында коронавирус сияқты көзге көрінбейтін індет бүгінгі таңда бүкіл әлем жұртшылығын қорқыныш пен жеке изоляция немесе оқшаулану жағдайына тәуелді етіп отыр. Біз Ұлы Отан соғысының Жеңісіне 75 жыл толған торқалы мерекені, өкінішке орай, осындай оқшаулану жағдайында тойлауға мәжбүр болып отырмыз. Сондықтан осы орайда өзімнің мүлде басқа «таным теориясы» саласында маман болуыма қарамастан қолыма қалам ұстатқан жайт, адамзатқа төнген қауіп-қатер кезеңінде, өмір мен өлім арпалысқан сынақ дәуірінде дүниетанымдық құндылықтардың өзгерісі, жаңа құндылықтарға бетбұрыстың бағыты және осы сынақтардан адамзаттың сабақ алу қажеттігі жайындағы пікірімді жеткізу ниетінен туғанын айтып өткім келеді.

Адамзат өз тарихында талай талай сұрапыл соғыстарды бастан кешкені баршаға мәлім. Адамзат тарихына көз жүгіртер болсақ, соғыс адамзаттың саналы тарихының жолсерігі сынды болып кеткендігі сияқты қорқынышты ақиқатты амалсыз мойындамай болмас. Тарих талай халықтардың болмысына қауіп төндірген, оларда үрей мен қорқыныш тудырған соғыс сынды зұламаттың әлемді де, адамдарды да тоздырып, рухани кемтар

еткендігіне куә. Сондықтан бұл проблема философтарды да бей-жай қалдырмайтыны айқын. Философтар әрқашан өз трактаттарында соғыс адамның табиғи қажеттігінен немесе түрлі әлеуметтік сыртқы факторлардан туындауы туралы мәселені философиялық ой елегінен өткізуге тырысқан. Әрине бұл өте терең және күрделі мәселе екені белгілі.

Алайда осы мақалада бұл мәңгілік проблеманы емес, ал осы соғыс, нақтырақ айтқанда Екінші дүниежүзілік соғыс сияқты ұлы соғыстардың зардаптарынан туындай келе философиялық дүниетанымда көрініс тапқан құндылықтар философиясындағы, яғни аксиологиядағы өзгерістер мен адамға деген бетбұрыс проблемасына назар аударғымыз келеді. Әрқашан философияда сол дәуірдің негізгі бет-бейнесі мен сипаты өз ізін қалдырып, өз көрінісін табатыны белгілі. Сондықтан атақты Гегельдің «Философия – ойда бейнеленген дәуір» тұжырымымен келісе отырып, «XX ғасырдағы соғыстар бізге қандай сабақ қалдырды?», «Философиялық аксиологияда қандай өзгерістер қалыптасты?», «Қазіргі таңда осы құндылықтар өзекті ме?» деген сұрақтарға осы ықшам мақала аясында ой өрбітіп көруге тырысамыз.

Баршамызға белгілі, XX ғасыр бүкіл адамзатты дүр сіркіндіріп, ғасырлар бойы қаншама ұрпақтардың жинақтаған гуманизм мұраттарына шүбә келтірерлік және де ақыл-ойдың прогресіне деген сенімге селкеу түсіретін екі дүниежүзілік қантөгіс соғыстан басталды. Соғыс бұл тарихи уақытқа дейін де беймәлім феномен емес, ал жоғарыда айтқандай адамзаттың серігіне айналып кеткен болса да, оның ерекшелігі сонда, соңғы соғыстар ауқымы, келтірген зардабы, қатысушылардың көптігі мен олардың әлемдік саясаттағы алатын орнына қарай тым жойқын соғыстар болған еді. Сондықтан көптеген зерттеушілер өз еңбектерінде бұл соғыстарды дүниежүзілік ауқымға ие болғандықтан «ұлы соғыстар» деп атап жүр.

XX ғасырға дейін адамзат ара дүркін болып тұратын қақтығыс, жанжал, соғыстарда жеке бір халықтарды және жеке мәдениеттерді жоғалтып алатын, бірақ жалпы алғанда адамзат тарихы ары қарай жалғаса беретін. Алайда осы екі дүниежүзілік соғыс қамту аумағы мен келтірген шығыны жағынан соғыс мәселесін ерекше қарауды талап ететін жойқын қиратушы феноменге айналдырды.

Сандарды сөйлетейік. Статистикалық деректерге сүйенсек бірінші дүниежүзілік соғысқа 1,1 миллиард тұрғыны бар 33 ел қатысыпты (бұл сол кездегі халықтың шамамен 62%-ы). Қалпына келтірілмейтін деп аталатын адам шығыны 25 миллион адамды құрады, оның ішінде 9,5 миллион адам соғыс даласында қайтыс болды, 0,5 миллион адам бомбалаудан, 10 миллион адам аштық пен індеттен көз жұмды. Екінші дүниежүзілік соғыста 62 мемлекет қатысып, олардың саны 1,7 млрд адам болды (бұл сол кездегі жер бетіндегі тұрғындардың 78% -дан астамы), қалпына келтірілмейтін шығын яғни адам шығыны 55 миллионға жетті. Майдан даласында 27 миллион әскер, тылда бомбалаудан 1,5 миллион, концлагерьлерде 11 миллион, партизандық соғыста 2 миллионнан астам адам, аштық пен эпидемиядан 1 миллион адам қаза тапты. Екінші дүниежүзілік соғыстағы біздің елдің (КСРО) адам шығыны қазір 27 миллионға бағаланады, бұған дейін олар 20

миллионға тең деп саналған болатын, алайда соңғы мәліметтер бойынша КСРО үшін бұл көрсеткіш қайта қаралды. [1]

Эмоциясыз жалаң цифрлар, бірақ қаншама қыршынынан қиылған тағдырлар, қаншама ойран болған отбасылар, жесірлер мен жетімдер... Статистика тек сандарды сөйлетеді, ал философияның ерекшелігі ол адамның субъектив әлеміне де үңілуге тырысады. Герменевтикалық пайымдау жасап көрейік.

Философияда герменевтика деп аталатын бағыт түсіну аспектісін зерттейді. Оның негізгі әдісі - бастан кешу, оқиғаны эмоциялық қабылдау сияқты иррационалдық тәсілдерді қолдана отырып объектіге, оның жағдайына баға беру. Осы герменевтикалық тұрғыдан сол тарихи кезеңнің трагедиясын, концлагерлердегі сұмдық өмірді бастан кешкен тұтқындардың ішкі сезімдерін, ұлынан айрылған ананың қасіретін, жалпы адамзаттың куә болған өмірін түсінуге тырысып көру, әрине ғылымның қолынан келетін шаруа емес. Сондықтан философиялық герменевтика адамдарды тек ғылыми ақиқатты тануға емес, ал субъективтік жасырын адам әлемінің ақиқатына да назар аударуға бағыттайды.

Сонымен бұл ұлы соғыстар философияда қандай өзгерістерге жол ашты?

Ұлы соғыстар, әсіресе Екінші дүниежүзілік соғыс философияда құндылықтар басымдығында бетбұрыс жасады деуге үлкен негіз бар. Адамның өмірі соншалықты құнсыз болып қалғанда, оның жан және тән азабы материалдық прагматикалық құндылықтар астында тасада қалғанда, не тіпті медициналық сорақы эксперименттер осы азаптарды әдейі қайталап жатқанда дүниенің мәндік доминантасы жайында ой қозғайтын философтарда бұл өткінші құбылыс ретінде өтіп кеткен жоқ. Сондықтан XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан бейклассикалық бағдар осы соғыстан кейінгі жылдары жоғары өзектілікке ие бола бастады.

Осы орайда классикалық философия негіздерінің мәніне де шолу жасап өтейік. Оның негізгі идеялары неміс классикалық идеализмінің философиясында көрініс тапқан болып, басты ұстанымдары жүйелік тұтастыққа, толықтыққа, монизмге ұмтылады. Бұл көзқарастың негізінде әлемдік табиғи реттілік ретінде қарау және оны рационалды (латыншадан ratio – ақыл) түсінуге деген сенім болды. Қысқаша айтқанда бұл философия сыртқы әлемнің реттелгендігі мен оның универсалдық негіздерін рационалды тану мүмкіндігі туралы идеяға негізделді. Бұл көзқарас бойынша әлемнің байланыстары, тіпті соның ішінде адамның өз ішкі әлемі де саналы субъектінің танымына қол жетімді нысан бола алады. Бұл бағыттың басты идеялары адам ақылының басымдығы, еркіндік пен әділдікке негізделген қоғамның үздіксіз даму идеясы және адамның табиғатқа үстемдігі туралы идеялар болды. Сондықтан классикалық философияда таным, ғылым, әділдік, абсолют, ақиқат сияқты категориялар мен оларға байланысты проблемалар ең басты ұғымдар және басты мәселелер ретінде қарастырылды.

Алайда екі жойқын I және II дүниежүзілік соғыстардың нәтижелері бұл парадигмаларға жаңа көзқарастан қарауды талап ететін бейклассикалық философияның өзектілігін арттырды және адамды ең жоғары және басты

құндылық деп бағалайтын, адам өмірін оның индивидуалдық, субъективтік ішкі жан дүниесінің болмысы ретінде қарастыратын жаңа иррационалдық философиялық бағыттардың пайда болуына ықпал етті. Иррационализм жалпы дүниенің ақылға бағынбайтын немесе ақыл, логика арқылы түсіну және түсіндіру мүмкін болмаған құбылыстарына назар аударады. XX ғасырдың екінші жартысында философтар дүниенің негізгі құндылықтары бұл ғылым да, таным да, тіпті абсолюттік ақиқат та емес, ал адамның өзі, адамның иррационал аспектілері, яғни адамның жан дүниесі, ішкі сезім әлемі екеніне назар аудары бастады.

Екінші дүниежүзілік соғыстан соңғы бейбіт өмірде бейклассикалық философияда адамның өмір сүруіне ерекше мән беретін экзистенциализм (французшадан *existentialisme* және латыншадан *existentia* – өмір сүру) бағыты қалыптасты. Ал философиялық аксиологияда ([грек](#)шеден *axios* — құндылық, *logos* — ілім) адамға басты құндылық ретінде қарайтын антропологиялық мазмұндағы бетбұрыс жүзеге асты. Бұл бұрылыстың неліктен болғанын түсінуде саяси және идеологиялық себептер өте маңызды. XX ғасырдағы адамзаттың басына түскен драмалық, терең қайғылы оқиғалар, дәлірек айтқанда, екі дүниежүзілік соғыстан еуропалық зиялылар ең маңызды сабақ алды немесе Батыс Еуропа рационализмінің мұрасы болып табылатын және Ағартушылық идеалдарын оның негізгі ретінде түсіндіруші философияның бүкіл тәжірибесі біршама өз беделінен айрылды. Тіпті Батыс Ағартушылығының керемет бесігі саналған Германияның өзі нацистік идеялардың вирусынан қорғансыз болып шықты.

Классикалық Батыс философиясының пафосы егер біз рационалдық принциптеріне сүйенсек, ол «әрқашан біз өзімізді түрлі ұнамсыз жағдайлардың қаупінен қамтамасыз ете аламыз, бұл рационалдық моральдік принциппен байланысты және бізді сөзсіз жақсылыққа жетелейді», - деген ұстанымдар арқылы қалыптасқан болатын. Алайда екінші дүниежүзілік соғыстың орын алуы, оның тіпті сол классикалық философияның отаны болған Германия тарапынан басталуы, ал 1945 жылы 6 және 9 тамызда Жапонияның Хиросима мен Нагасаки қалаларында АҚШ-тың сұрапыл атом бомбасын сынап көруімен байланысты адамзаттық маңызды оқиғалар XX ғасырдағы классикалық рационалдылықтың жоғарыда айтқан міндеттерді шешуде қауқарсыз екендігін көрсетіп берді.

Экзистенциализм философиясы ертерек, XX ғасырдың 30-шы жылдары қалыптасуына қарамастан 60-жылдары жоғары танымалдыққа ие болды. Экзистенциализм – адам болмысын оның ерекшелігі мен қайталанбастығы фокусынан қарастыратын бағыт. Оның өкілдері адамдардың санасында өзінің өшпес ізін қалдырған оқиғаларды саралап дүниені қайта өзгертуден гөрі, сол адамдарның өмір сүруіне, оның қайшылықтарға толы дүние тебіренісіне, оның өмірінің мән-мағынасын анықтауға т.с.с. сұрақтарға жете көңіл бөлінуіне жіті назар аударуға тырысты. Экзистенциализм философиясының негізін қалаған ойшылдарға Мартин Хайдеггер (1888-1976 жж.) мен Карл Ясперсті (1883-1969 жж.) (Германия), Жан-Поль Сартр (1905-1980 жж.) мен Альбер Камюді (1913-1960 жж.) (Франция), Н.А. Бердяев (1874-

1948 жж.) пен Л.И. Шестовты (1866-1938 жж.) (Ресей), Виктор Франклді (1900 ж.) (Австрия), Хосе Ортега-и-Гассетті (1883-1955 жж.) (Испания) және тб. жатқызуға болады.

Сонымен XX ғ. Еуропа цивилизациясының дағдарысы зерде мен адамгершілік құндылықтарына деген күмәндануды тудырып, трагедияға толы адам мәселесін тікелей философиялық таразыға салды. Бұл саладағы анықталған ең бірінші жаңалық – ғылым мен техника дамыған сайын адам болмысының тұрақсыздығы мен нәзіктігінің өсуі. Мұндай күрделенумен қатар қатыгезденіп жатқан дүниеде тұрақтану үшін, адам ең алдымен өзінің ішкі өмірін талдап, соның негізінде өзінің мүмкіндіктері мен қабілеттерін ашуы кажет. Мұндай адам өміріне қас дүниеде адам өзінің рухы арқылы ғана қарсы тұра алады. Олай болса, адамға ең керекті нәрсе - ол зат, материя, я болмаса идея, таным философиясы емес, негізінен алғанда, - адамның өзінің жеке өмір сүру философиясы. Адам ешқандай объект, өндірістің, я болмаса танымның құралы емес, ол субъект — ерікті, өз-өзіне жауапкершілікті болмыс. Сондықтан адам өмір сүруі де философияның зерттеуінде басқаша қырынан қарастырылуы тиіс.

Мысалы адам өмірі туралы айтар болсақ, әрқашан оның сыртқы параметрлеріне тоқталамыз, ол қандай ұлттың өкілі, қайда туды, қай жерде және қандай білім алды деген сияқты статистикалық жалпы және хронологиялық уақыттық өлшемдегі сипаттарға тоқталамыз. Адамның өмірі оның сыртқы факторлармен өлшенетін биографиялық аспектісіне негіздеп түсіндіріледі. Алайда адамның ақиқат өмірі деген не? Адамның нағыз өмірі қайда өтіп жатыр?

Бұл сұрақтарға экзистенциалистердің көпшілігі «нағыз өмір – бұл адамның ішкі әлемінде өтіп жатады», - деп жауап береді. Шынымен де адамның өмірі деген ұғымға жалпы анықтама беру өте қиын. Әрбір адам – ерекше жаратылыс және ол сыртқы дүниеге танылмайтын ішкі эмоция әлеміне ие. Әрбір адам өз өміріндегі түрлі оқиғаларды түрлі эмоционалдық деңгейде қабылдайды. Сыртқы өмір – бұл түрлі оқиғалар ағынынан тұратын болса, нағыз өмір – адамның әрбір мезетте, әрбір қас қағым сәтте сол оқиғаларды қалай қабылдауында, қандай жан дүниесіндегі тебіреністер мен толғаныстар арқылы сезіне білуінде. Ал – бұл сыртқа танылмайтын, сырттан қол сұғу мүмкін болмаған адамның ішкі интимдік әлемі. Осы орайда оқырмаға түсінікті болу үшін интимдік ұғымының мағынасын қазақша сөздіктерден таппағандықтан, орысша сөздіктерден қарап айқындап кетуді жөн санадық. С.И. Ожеговтың [2] сөздігінде бұл термин «сокровенный, душевный, глубоко личный» немесе «ішкі жасырын, шынайы, терең өзіндік» деген сияқты мағыналармен анықталса, Т.Ф. Ефремова [3] сөздігінде – «жеке адамға ғана, оның жеке өміріне ғана қатысты» деген мағынамен айқындалған. Демек, адамның нағыз шынайы экзистенциясы, өмір сүруі оның жасырын рухани субъективті жан дүниесінде өтеді. Болып жатқан оқиғаларға оның реакциясы, немесе оларды қабылдаулары жинала келе өмір деген тізбекті құрайды. Өмір дегеніміз әрбір адам үшін әртүрлі. Өмір – бұл жеке адамның эмоциялар тізбегі. Олай болса, соғыс қасіретін бір не бірнеше

емес, ал бүкіл жер бетіндегі халықтар тартқан ұлы соғыстардан кейін философияда жалпы адам өмірінің универсалдық аспектілері емес, ал жеке индивидтың, жеке адамның өмірінің мәні үлкен құндылыққа ие болуы, адамның сүруі, оның сезімге толы болмысына мән беру мәселесінің көтерілуі кездейсоқ емес екені түсінікті болар.

Экзистенциализм философиясында «шекаралық жағдай» деген категорияға көп көңіл бөлінеді. Адамның шын болмысын ашатын өмірдің өзі мен оның тәжірибесі. Экзистенциалистердің пікірінше, өліммен бетпе-бет келген, оның алдында қорқыныш сезген адамның дүниеге және оның құндылығына деген көзқарасы өзгереді. Өмір мен өлімнің шекарасы, яғни адамның терең дағдарыста болған кезінде (ауру, соғыс, апат) ол өзінің шынайы мәні мен болмысын ашады. Шекаралық жағдай - өмір мен өлімнің екі арасында қалған жағдайда, немесе оны саналы бастан кешу жағдайында адамда болатын үрей мен алаңдау, түңілу мен ұмтылыс, уайымдау мен қамқорлық және тб сезімдердің арпалысы және олардың адам өмір сүруінің нағыз мәнін айқындайтын сәттері. Тек осындай адам өмір сүруіне қауіп төнген жағдайда, оның жан дүниесі терең сілкініске ұшырағанда ғана, «өмір сүру» тебіренісінің негізінде ғана адам өз өмірінің қайталанбайтын ерекше мән-мағынасын терең аша алады.

Сондықтан соғыс қасіретін бастан кешкен адамның өмірі мен дүниеге көзқарасы кейін ешқашан бұрынғыдай болмайды. Орыс жазушысы Ю.В. Бондарев та өз еңбектерінде соғыс жылдарында құндылықтарды қайта бағалау жүреді деп санайды. Оның пікірінше соғысқа дейінгі, бейбіт өмірді адамдар шынайы құндылық ретінде қабылдай бастайды. Соғыс кезіндегі әріптестердің өлімі, тұрақты өлім қаупі сезімі адамды іштей өзгертіп, оны азап шектіреді, сонымен бірге адамдардағы ерлікті, жеңіске деген ұмтылысты күшейтеді, нағыз өмірді бағалауға үйретеді.

Шынында да, соғыс әр адамның тағдырында із қалдырады, оның ішкі әлемін, көзқарастарын өзгертеді. Адамдар жоғары моральдық құндылықтарды қайта қарастырады. Мысалы Л.Н.Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» эпикалық романында Андрей Болконскийдің дүниетанымы соғыс әсерінен түпкілікті өзгереді. Егер бастапқыда князьдің дүниетанымы әскери жалаң даңқ пен ұлы ерлік туралы дабырашыл идеяларға толы болса, Осстерлицтің жанында жараланғаннан кейін ол өзінің армандарының түкке тұрғысыз екенін түсінеді, бұрынғы табынған кумирі Наполеоннан көңілі қалады. Ластанудан, қан мен өлімнен өтіп, мыңдаған адамдардың азабын өз көзімен көріп, Болконский тұрақты құндылықтарды: отбасына, табиғатқа деген махаббатты, бүкіл адамзатқа және Жаратушыға арналған діни махаббатты түсінуге және қабылдауға бет бұрады. Ерлікке тіпті басқа көзқарастан қарай бастайды. Ол соғыстың амбиция үшін жасалған ұлылық пен даңққа еш қатысы жоқ екеніне сенімі ұлғайып Отанның еркіндігі үшін күресетін қарапайым қорғаушы болу миссиясын түсінеді. Князь бұрын өзі байқамаған жоғары моральдық құндылықтарды қабылдап өз елі үшін өмірін қиып дүниеден озады. Бұл - рухани түлеу. Өлім алдындағы Болконский - бұл соғыстың басында болған Болконскийден мүлдем басқа адам.

Әрине бұл мысалдарды жалпыландырған да дұрыс емес болар. Жер бетінде қанша адам болса, сонша қайталанбас құбылыс бар, олардың әрбірінің қайталанбас ішкі әлемі мен дүниетанымы бар. Десек те, философияда антропологиялық бетбұрыстың белең алуы аталмыш факторларға байланысты туындағанын ешкім де теріске шығара алмас.

Енді адамзаттың дүниеге деген көзқарасын өзгертуі қажет болған, алайда өкінішке орай жүзеге асуы бүгінгі таңда да күмәнді болып тұрған және бір жағдайға назар аударайық. Өйткені екінші дүниежүзілік соғыстың ең қорқынышты жаңалығы – ол келтірілген адам шығынынан да, концлагерлерден де, адамға жасалған небір азапты эксперименттерден де асып түсетін жаппай қырып-жою қаруының қолданылуы болды. Бұл адамзат тарихы кітабының жаңа парағына жол ашты десек артық болмас әрине. Демек соғыстың мәні енді локальді сипаттан глобалды немесе жаһандық сипатқа ауысты. Соғыс қаупі бір не бірнеше елдің мәселесі болу ауқымынан шығып, бүкіл адамзаттың тағдырын бір арнада тоғыстыруға қауқарлы жойқын сипат ала бастады. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап соғыс мәселесі жергілікті мәселе болудан қалып, бүкіл адамзаттың, қала берді – Жер планетасының тіршілік ету мәселесі ретінде жаңа тұрғыдан көрініс тапты. Қазіргі философиялық пікірталас осы жаһандану қауіп-қатерлері төңірегінде де өрбуде. Бұл пікірталас әлі жабылған жоқ. Керісінше философияда осы бір айқынсыздықтың, яғни, адам ақылының немесе рационалдық қабілеттің бейбітшілік, мораль, ізгілік сияқты мәселелерге келгенде қай тұста кемшін кетіп жататыны, оның алдын алу мәселері жайында қиын да терең ізденіс жалғасуда.[4]

Сонымен қорытындылар тұста мынадай заңды сұрақ ойға оралады. Коронавирус індеті пандемияға айналып жайлап өршіп бара жатқан бүгінгі әлемде, осы жоғарыда аталған адам құндылығы, оның экзистенциясы жайындағы аксиологиялық тұжырымдар XXI ғасырдың технократтық прагматикалық ұстанымдарының көлеңкесінде қалып кетпеді ме екен? Мүмкін бүгінгі жағдай соғыс емес қой деп қарсы пікір айтушылар табылар. Бұл да таласты пікір. Бірақ жылдырымдай жылдамдықпен тарайтын вирустардың талай дамыған елдер мен гүлденген қалаларды құлазытып шөлге айналдырғанына тарихтың куә болғанын бәріміз білеміз. Олай болса, асқақтаған «космос пен техника» дәуірінде ең мықты деген елдердің өзі халқына оқшаулау жариялап жатқан тұста адам өмірінің мәні жайындағы философиялық сұрақты қайта қозғау қажеттігі тумады ма екен?

Біз соңғы кезеңде әрқашан жаһандану құбылысы адамдар мен мәдениеттерді жақындатқандығы, Жер шарының кішірейіп бара жатқандығы, яғни адамның қозғалысының шапшаңдығы жоғарылап, оның мобильді жаһандық құбылысқа айналып бара жатқандығы туралы стереотипті қалыптастырдық. Бірақ соңғы оқиғалар Жер шары ғана емес, тіпті қол созым жердегі туысқа барудың да қиын екенін, географиялық кеңістіктің өлшемі өте салыстырмалы екенін дәлелдеп отыр. Сондықтан кеш болмай тұрғанда, пандемия әлемдік трагедияға айналмай тұрғанда адам өмірінің құндылығы адамзаттың ең басты құндылығы екенін ойланайық.

ӘДЕБИЕТ

- 1 Южная Е. Д. В чём смысл войны? // Школа жизни.ру: Познавательный журнал. 2015. - № 3. Ожегов С. И. «Словарь русского языка» (1949, 22-е издание, 1990; с 1992 - «Толковый словарь русского языка», совместно с Н. Ю. Шведовой).
- 2 Ефремова Т. Ф. Современный толковый словарь русского языка: В 3 т. - М.: АСТ, Астрель, Харвест, 2019.
- 3 Булекбаев С.Б., Садыккали Г. Проблемы многополярности в современной теории международных отношений // Известия КазУМОиМЯ им. Абылай хана. Серия «Международные Отношения и Регионоведение». - 2020. - № 2.- С.34-41.
- 4 Хохрина Е.Н. Роль философии в проблеме выживания современного человека // Актуальные проблемы российской философии. - Пермь, 2019. – С. 118-121.

REFERENCES

- 1 Yuzhnaya Ye. D. V chom smysl voyny? (What is the meaning of war?) Shkola zhizni.ru: Poznavatel'nyy zhurnal. 2015. - № 3. Ozhegov S. I. «Slovar' russkogo yazyka» (1949, 22-ye izdaniye, 1990; p 1992 - «Tolkovyy slovar' russkogo yazyka», sovmestno s N. YU. Shvedovoy).
- 2 Yefremova T. F. Sovremennyy tolkovyy slovar' russkogo yazyka (Modern explanatory dictionary of Russian language).: V 3 t. - M. : AST, Astrel', Kharvest, 2019.
- 3 Bulekbayev S.B., Sadykkali G. Problemy mnogopolyarnosti v sovremennoy teorii mezhhdunarodnykh otnoshenii. (Problems of multipolarity in the modern theory of international relations). Izvestiya KazUMOiMYa im. Ablai khana. Seriya «Mezhhdunarodnyye Otnosheniya i Regionovedeniye». - 2020. - № 2.- P.34-41.
- 4 Khokhrina Ye.N. Rol' filosofii v probleme vyzhivaniya sovremennogo cheloveka. Aktual'nyye problemy rossiyskoy filosofii. (The role of philosophy in the problem of modern human survival. Actual problems of Russian philosophy).- Perm, 2019. – P. 118- 121.

ВЕЛИКИЕ ВОЙНЫ И ПОВОРОТ К ЧЕЛОВЕЧЕСКИМ ЦЕННОСТЯМ В ФИЛОСОФСКОЙ АКСИОЛОГИИ

В.Х. Хайруллаева¹

¹кандидат философских наук, PhD, доцент

Казахский университет международных отношений и мировых языков
имени Абылай хана,
Алматы, Казахстан,
khairullaeva@mail.ru

Аннотация. Статья рассматривает и анализирует последствия двух великих мировых войн, которые способствовали формированию новых ценностных ориентаций в философской аксиологии XX века. Проблема человека, его цели, смысла, ценности существования, были всегда важными в философии. Но особую актуальность она приобретает в переломные периоды развития истории. В статье акцентируется внимание, что после второй мировой войны произошел поворот в понимании жизни, существования и смысла жизни человека. Во второй половине XX века приобрели актуальность иррациональные философские тенденции, которые оценивали человека как высшую и наиболее важную ценность. Таким образом статья обращает внимание на аксиологическое мировоззрение экзистенциалистов, которое пронизано глубоким индивидуализмом и субъективизмом.

Ключевые слова: великие войны, вторая мировая война, ценности, неклассическая философия, экзистенциализм, иррационализм, поворот в аксиологии, жизнь человека, существование человека, внутренний субъективный мир человека, переживания,

пограничные ситуации.

THE GREAT WARS AND THE TURN TO HUMAN VALUES IN PHILOSOPHICAL AXIOLOGY

V. Kh. Khairullayeva

¹of Philosophical sciences, PhD, Associate professor
Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages,
Almaty, Kazakhstan
khairullaeva@mail.ru

Abstract. The article considers and analyzes the consequences of two great world wars, which triggered to the formation of new value orientations in the philosophical axiology of the twentieth century. The problem of man, his goal, meaning, value of existence, has always been important in philosophy. Especially it acquires particular relevance in the critical periods of the development of history. The article focuses on the fact that after the Second World War there was a turn in understanding of life, existence and meaning of human life. In the second half of the twentieth century, irrational philosophical tendencies that rated a person as the highest and most important value became relevant. Thus, the article draws attention to the axiological worldview of existentialists, which is permeated by deep individualism and subjectivity.

Keywords: Great wars, the second world war, values, non-classical philosophy, existentialism, irrationalism, a turn in axiology, human life, human existence, human inner subjective world, emotions, boundary situations.

Статья поступило 11.09.2020